



№71
(2242)
Сәрсенбі
21 тамыз
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



МҰҚРАТЖ- ҚАЗАЛЫ



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ЕГІНГЕ АЛҒАШҚЫ ОРАҚ ТҮСТІ

ҚР Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров пен облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жалағаш ауданы "Таң" ауылының егіс алқабына алғашқы орақ түсу рәсімі өтті.

Салтанатты рәсімге республикалық ардагерлер ұйымы төрағасының бірінші орынбасары, профессор Өмірзақ Озғанбаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, облыс әкімінің орынбасарлары мен ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарының басшылары қатысты.

Аймақ басшысы ізгі тілегін білдіріп, агросалада атқарылған жұмыстарға тоқталды.

"Ауыл шаруашылығы - аймақ экономикасын өрістеткен негізгі бағыттардың бірі. Оның ішінде, аймақтың табиғи ерекшелігіне, ауа райы мен топырақ құрамына бейімделген негізгі дақыл - күріш.

Соңғы жылдардағы су тапшылығының кері әсері Сыр диқандарына оңай соқпады. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы мен Үкімет басшысы Олжас Абайұлының, Үкімет мүшелерінің бастамасымен Сырдария өзенінің жоғарғы ағысындағы мемлекеттермен дер кезінде келіссөз жүргізіліп, қолдау жасалды. Нәтижесінде егісіміз сумен толық қамтамасыз етілді. Сол үшін барша Сыр диқандары атынан шексіз алғысымызды білдіреміз.

Вегетация кезеңіне бекітілген су лимитіне сәйкес күрішті 84 мың 300 гектарға ектік.

Жыл сайын аграрлық саланы қолдауға қомақты қаржы бөлінуде. Мемлекет басшысы ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 5 жылда екі есе ұлғайту жөнінде тапсырма бергені белгілі. Осы ретте егістікті әртараптандыруға, су үнемдеу технологияларын қолданып егіс көлемін арттыруға ден қойылуда. Жеңілдетілген дизель отыны шаруашылықтарға мерзімінде жеткізілді.

Диқан қауымы ауызбірліктің үлгісін көрсетіп, суды ысырапсыз пайдаланып, жоспарлы жұмыс істеуде», - деді Н.Нәлібаев.

Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров жиналған жұртшылықты құттықтап, атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді, мемлекет тарапынан тиісті қолдау көрсетілетінін айтты.

Егін орағының басталуына арналған іс-шарада азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында республиканың әр өңірінен келген кәсіпорындардың келісімге қол қою рәсімі өтті. Нақтырақ айтсақ, «Шымкент» ӘКК АҚ мен «Жан - Арай» ЖШС, «Павлодар» ӘКК АҚ мен «Абай - Дәулет» ЖШС, «Алматы» ӘКК АҚ мен «Алтын Орда» ЖШС арасында меморандумға қол қойылды.

Шараға қатысушылар егін жинауға арналған ауыл шаруашылығы техникаларымен, облыста өндірілетін агроөнім түрлерімен танысып, мамандармен пікір алмасты. Сала ардагері Нұрлыбай Ұлықпанұлы ақ батасын берді.

Сыр диқандары суды үнемдеу мақсатында соңғы 10 жыл көлемінде күріш егістігінің 55 мың гектарын лазерлік тегістеді. Алдағы 5 жылда бұл 72 мың гектарға жеткізіледі. Биыл су үнемдеу технологиясын пайдалану 4,4 мың гектарға жетті, алдағы 5 жылда оны 24,2 мың гектарға арттыру жоспарлануда.

Биыл «Таң ЛТД» серіктестігі қытайлық компаниямен бірлесіп, Шиелі ауданында 800 гектарға тамшылатып суару әдісімен дән жүгері екті. 2025-2026 жылдары тамшылатып суарылатын егістік көлемі 3 мың гектарға дейін ұлғайтылады.

Сол сияқты Қазалы және Арал аудандарында ауқымды жобалар бастау алды. Арал ауданындағы «Кэмел Про» шаруа қожалығында 830 гектар жоңышқаны, Қазалы ауданындағы «Рза Агро» серіктестігінде 184 гектар мал азықтық дақылдарды жаңбырлатып суару жобалары бар.

Сонымен қатар, делегация "Таң" ауылының әлеуметтік-экономикалық дамуымен танысты.

Айта кету қажет, «Таң ЛТД» серіктестігінің құрылтайшысы, Қазақстанның Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев соңғы жылдары ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына 1,5 млрд. теңгеден астам қаржы бөліп, әлеуметтік нысандарды жөндеді. "Тағзым", футбол, балалар ойын алаңдарын салып, жолдарды жаңғыртты, көшелерді жарықтандырды.

**Қызылорда облысы
әкімінің баспасөз
қызметі**

ҚОС САЛАНЫҢ ҮЗДІКТЕРІ МАРАПАТ ТӨРІНДЕ



Қазалыда елімізде жыл сайын тамыз айының үшінші жексенбісінде аталып өтілетін Спорт күнімен, 14 тамыз - Мемлекеттік кірістер органдарының құрылғанына 10 жыл толуына орай салтанатты шара өтті.

Әйтеке би кенттік мәдениет үйінде өткен мерекелік шараға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет қатысып, ел экономикасының дамуы мен мемлекетіміздің абыройын асқақтатуда үлкен маңызға ие қос бірдей сала қызметкерлерін мерекемен құттықтады.

- Ауданымыздағы мемлекеттік кірістер басқармасының әрбір қызметкері аудан бюджетінің артуы жолында, мемлекеттік, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруда, аудан экономикасының дамуына зор үлес қосып келеді.

Ал спортшыларымыз елдің мерейін асырып, жыл сайын түрлі деңгейдегі ірі жарыстарда топ жарып, көк байрағымызды асқақтата түсуде.

Бүгінде ауданда бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысатындар саны - 39 пайызға жетті. Спорт түрлері бойынша жерлестеріміз биыл Азия чемпионатында 1 қола медаль жеңіп алса, Халықаралық турнирлерде 2 күміс, 2 қола медальды қоржынға салды. Мұнан бөлек ҚР-ның чемпионаттарына, халықаралық, республикалық, облыстық жарыстарда топ жарып жүрген спортшыларымызда

жетерлік.

Баршаңызды қос бірдей кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін, - деді аудан басшысы.

Мұнан соң мерекеге орай қос саланың дамуына үлес қосып жүрген азаматтар марапат төрінен көрініп, сала үздіктері мен ардагерлеріне «Мемлекеттік кірістер органдарының үздігі», «Мемлекеттік кірістер органдарына 10 жыл», Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлері кәсіптік одағының «Еңбек даңқы» төсбелгілері, облыс әкімі мен облыс әкімі орынбасарының және аудан әкімінің «Алғыс хаттары» табысталды.

Сондай-ақ, спорт саласының ардагерлері: Мұқтар Сәлмен мен Марат Мамаев Қазалы ауданының «Құрмет» грамотасы және Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас мамандары: Оразбике Шамшаева мен Дастанбек Салмұрзаев Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Салтанатты шара соңында аудан өнерпаздары әннен шашу шашып, мереке иелеріне көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

**Қазалы ауданы
әкімдігінің баспасөз
қызметі**

БІЛІМ САПАСЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

Қазалы ауданындағы байырғы оқу орны болып саналатын мектеп 1919 жылы №66 орыс мектебі жанынан қазақ класы болып ашылады. 1927-1928 оқу жылында №66 мектептен бөлініп жеке шаңырақ көтереді. 1934-1935 жылы Орынбор теміржолына қарасты №67 жеті жылдық мектеп болып аталады. 1937 жылы 420 орындық 2 қабатты мектепке орналасады. Алайда 1941-1945 жылдары мектеп үйі госпиталь ретінде пайдаланылады. 1949-1950 жылдары он жылдық мектеп болып үлкейтіліп, теміржолшылардың балаларын оқытады. 1956 жылы 3 қыркүйектен бастап қазақ теміржолының құрылуына байланысты №67 мектеп №420 теміржол мектебі деп аталады. 1977 жылы №420 мектеп Батыс Қазақстан теміржолының құрылуына байланысты №17 теміржол қазақ орта мектебі болып атауы өзгертіледі. Осы уақытта мектеп Ақтөбе теміржолының білім бөліміне қараған. Аталған мектеп 1998 жылы кент әкімінің шешімімен «Үлгілі ұжым» атағына ие болды. 2000 жылы облыстық «Жыл мектебі» байқауында үшінші орынға ие болып, облыстық білім басқармасының құрмет грамотасымен марапатталған. 2001 жылы мектеп жанындағы интернат ұжымы «Жыл интернаты» байқауына қатысып, бірінші орын иеленіп, республикалық сайыстың лауреаты атанды.

1992 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Министрлер кабинетінің қаулысына сәйкес аудан әкімінің шешімімен №17 теміржол орта мектебіне Жанқожа батыр есімі берілді. 1997 жылдан бастап мектеп жергілікті атқару орындарының қарамағына беріліп, аудандық білім бөліміне қарасты Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектеп болып жұмыс атқарып келеді.

Киелі білім ордасынан КСРО халық әртісі. Халық Қаһарманы Роза Тәжібайқызы Бағланова, философия ғылымдарының кандидаты, профессор Мұстафа Матайұлы Матаев, академик Сұлтан Сүлейменов, Қазақстанның өнер қайраткері Қайырбай Зәкіров білім алған. Қазіргі таңда мектепте 131 педагог қызмет атқарады. Оның ішінде 25 педагог – зерттеуші, 44 педагог-сарапшы, 33 педагог-модератор және 29 педагог санатындағы ұстаздар бар. 29 сынып комплексінде 841 оқушы білім алады. Мектеп ұстаздары мен оқушылар білім, өнер, спорт бағытындағы аудандық, облыстық, республикалық және халықаралық түрлі сайыстар мен конкурстарда, олимпиадаларда, ғылыми жоба байқауларында жүлделі орындарды иеленіп, әр жылдары жеңімпаз атанып келеді.

Мектептің жаны-мұғалім. Мұғалім қандай болса мектеп те сондай болмақшы. Яғни, мұғалім білімді болса, балалар жақсы білім алып шығады.

Ел болашағы білімді ұрпақтың қолында. Ұрпақты білімді де тәрбиелі етіп қалыптастыратын – ұстаздар қауымы.

Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектепті 2022 жылдан бері білікті ұстаз Шермаханов Төребай Айдарбекұлы басқарып келеді.

Төребай басшылық қызметке келген күннен бастап ұжым мүшелерінің жеткен жетістіктерін талдап, саралау жұмыстарын жүргізген. Шәкірттері жүлдегер атанып жүрген ұстаздармен білім сапасын арттыру мәселелеріне байланысты пікір алмасып, алдағы атқаратын жұмыстарды жоспарлаған. Егеменді ел болдық, қазіргі жағдайда мұғалімнің бейнесі айтарлықтай өзгерген. Ұлы Абайдың «Тегінде, адам баласы, адам баласынан ақыл, ғылым, ер мінез деген нәрселерден озады» деген сөздері ұстаздарға арнап айтылғаны анық.

2023-2024 оқу жылында мектептің ұстаздары мен оқушылары көптеген жетістіктерге қол жеткізді. «Жаңа дәуір – жаңа Қазақстан» жастар фестивалінің ғылыми жобалары сайысында 11-сынып оқушысы Әлімжанова Ақбота, жетекшісі биология пәні мұғалімі Ерман Назгүл үздік идея ұсынып, I орын иеленгені үшін Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Білім грантын жеңіп алды.

9-11 сынып оқушылары қатысқан жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 9 оқушы II-орын, 8 оқушы III-орын иеленіп, 5 оқушы алғыс хатқа ие болған.

5-8 сынып оқушылары қатысқан жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың аудандық кезеңінде 2 оқушы I-орын, 2 оқушы II-орын, 6 оқушы III-орын, 3 оқушы алғыс хат алып, облыстық кезеңге жолдама алған. 7 сынып оқушысы Зиналадин Айпатша алғыс хат иеленген. «Дарын» ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде 2 оқушы I-орын, 1 оқушы II-орын, 4 оқушы III-орын және 2 оқушы алғыс хат иеленген. Облыстық кезеңге жолдама алған. 10 сынып оқушысы Жақсыберген Ақмарал III-орын, 11 сынып оқушысы Әлімжанова Ақбота алғыс хатқа ие болған.

«Зерде» ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде 1 оқушы I орын, 1 оқушы II-орын, 7 оқушы III орынға ие болған. Бірінші орын иеленген 6 сынып оқушысы Бердалы Анель облыстық кезеңнен I орын және республикалық кезеңнен III орын иеленген. Жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Сисенбай Жанат.

«Айқанат» олимпиадасына 9 оқушы қатысып, облыстық кезеңнен I орын, республикалық кезеңнен III-орын иеленген. Жетекшісі қазақ тілі мен

әдебиет пәні мұғалімі Сисенбай Жанат. Облыстық кезеңіне қатысқан Айдарбек Еділ мен Айтуған Жанель республикалық кезеңге жолдама алып, алғыс хатқа, грантқа ие болған. «Ақбота» интеллектуалдық марафонына 167 оқушы, «Кенгуру» олимпиадасына 224 оқушы қатысып жеңімпаз атанған. Өткен оқу жылында «Талант шоу» республикалық балалар шығармашылығы фестивалінде 2 сынып оқушылары: Берік Раяна I орын, Ердәулет Ерасыл II орын иеленсе, «Бозторғай» ән байқауының облыстық кезеңінен 6 сынып оқушысы Әскербек Мадияр III орын иеленген.

Сұлтан Бейбарыстың туғанына 800 жыл толуына орай білім қызметкерлері арасында өткізілген аудандық спартакиада да мектеп спортшылары арқан тартудан II орын, волейболдан II орын, кіші футболдан III орын алып, жалпы командалық есепте аудан бойынша III орынға ие болған.

Спорт жарысына қатысқан оқушылар да жүлделі орындарға ие болып, Таңбай Қыдырәлі бокстан республикалық турнирде III орын, облыстық біріншілікте II орын, облыстық ашық турнирде I орынға ие болған.

«Таэквандо» жарысына қатысқан Темірбек Бақкелді мен Нәбиев Рахымжан Қазақстан Республикасының чемпионатында III орынға ие болған. Спорттың барлық түріне қатысқан оқушылар үнемі жүлделі орындарға ие болып жүрген. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша аудандық, облыстық жарыстарға қатысып жеңімпаздар қатарында келген. «Мерген ару-2024» сайысына қатысқан Ешимова Ақерке III орын, «Айбын-2024» сайысынан Жақсылық Жансая алғыс хатқа ие болған. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні бойынша Нұрманов Бауыржан облыстық «Белтемірге тартылу» сайысынан I орынға ие болған.

Тарих пәні мұғалімі Ахметова Багила «Қоғамдық –гуманитарлық бағыттағы пәндерді оқытудағы тенденциялар» тақырыбында өткен облыстық семинарда шеберлік сынып, 2024 жылдың 22 сәуір күні «Заманауи білім беру-бағдарламалау, әдіс-тәсілдері, нәтиже» тақырыбында аудандық шығармашылық күні өтіп, 30 сәуір күні Қызылорда қаласында «Көшпенділердің ұлы шайқасы» облыстық вебинарында авторлық бағдарламасын қорғап жоғарғы бағаға ие болған. Технология пәнінің мұғалімі Жалдыбаева Жадыра 2024 жылдың қаңтар айында «Ди-зайн және көркемдік модель-деу» саласында мұғалімдердің кәсіби күзиреттілігін арттыру» тақырыбында өткен облыстық семинар практикумында шеберлік сынып, 25-27 наурыз күндері Алматы қаласында «Жүннен, моншақтан

бұйым жасау» тақырыбында халықаралық этно жәрмеңкеде шеберлік сынып, 28 қаңтар күні биология пәні мұғалімі Ерман Назгүл «Білім алушылардың дағдыларын дамытуда оқытудың 4С моделінің ерекшеліктері» тақырыбында аудандық шығармашылық күнін өткізді. Оқу жылы басында «Бастауыш сынып оқушыларының негізгі қызметтіліктерін қалыптастыру жолындағы әдістер мен тәсілдер» атты аудандық ашық есік күні өткізілген.

Алтыншы наурыз күні «Тиімді бақылау сапалы білім берудің негізгі құралы» тақырыбындағы облыстық семинарында мектеп әкімшілігі «Кері байланыс, диагностика, ынталандыру; оқушылардың сапалы білім алуының кепілі «ТЕД» форматта мектеп жұмысы көрсетілген. 29 сәуір күні Жанқожа бабамыздың 250 жылдығына байланысты «Азаттықтың ақ туын ұран еткен ер бабам» атты тарихшылардың аудандық семинары өткізілген.

3 мамыр күні «Жасыл мектеп» жобасы аясында «Экология және біз» тақырыбында аудандық семинар өткізіліп, семинарға қатысушыларға «Күріштің ғажайып сырлары биосабын -70» өнімдері таныстырылып, ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының және «экология әлемдегі психология құпиялары» жұмыстары көрсетілген.

Оқумен оқытудың жүйелі жүргізілуін бақылау мектеп басшыларының үлкен абыройлы міндеті. Сол білім берудің тиімділігі жоғары жүйелерінде басшылар оқытуды жақсарту, мұғалімдерді ынталандыру және кәсіби дамыту мәселелеріне үнемі назар аударуы керек. Басшы өмірлік тәжірибесі мол, кез келген ортада өзінің білгір ісін көрсетіп, алғырлығымен біліктілігіне өзгенің сенімін ұялата білетін тұлға болуға тиісті. «Көп жасағаннан емес, көп игілікті ісі бардан сұра» демекші ұжымды жетістікке жеткізуге дем беретін басшының ықпалымен бала тәрбиесіне үлкен мән беретін жаңа жобалар дүниеге келіп, педагогтардың қызу ықыласына ие болуда. Сондай жобаны қолға алып, мұғалімдердің сабақ беру әдіс-тәсілдері, түрлі тәрбие жұмыстары, іс-шаралардың атқарылып жатқаны мектеп ұжымы, оны басқарып отырған Төребай Айдарбекұлының білім саласын жан-жақты бақылап, талап етіп отырғанының арқасы.

-Алдағы уақытта оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру жұмыстарын жүйелі түрде ұйымдастырып, жоғары дәрежедегі жетістіктерге қол жеткізетінімізге сенімім мол,-дейді мектеп директоры Төребай Айдарбекұлы.

Жеткербай МАХАМБЕТ,
Қазақстан Журналистер
Одағының мүшесі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС–ҚОҒАМ ТАЛАБЫ

Біздің әрқайсымыз сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске өз үлесімізді қоса аламыз. Жеке, қоғамдық және кәсіби өмірде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске үлес қосуымыз керек. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылықтардың белгілі фактілері туралы хабар-

лау, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруымыз қажет. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге

асырылуда. Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына әкеп соғатын, алға басқан қадамды кейін

тартып, қоғамның дамуына тежеу болатын сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту - әрқайсымыздың азаматтық борышымыз. Біз сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оның мүлдем қоғамымызда туындамауына септесуіміз қажет.

Ш.ҚОЖАНТАЕВ,
«Қарашеңгел» ауылдық округінің әкімі

САЙЛАУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қазалы аудандық сайлау комиссиясының 2024 жылғы 7 тамыздағы «Алға» және «Тасарық» ауылдық округтері әкімінің сайлауын тағайындау туралы» №АСК-101/511 санды қаулысы негізінде Қазалы ауданы, «Алға» және «Тасарық» ауылдық округтері бойынша сайлау учаскесінің орналасқан мекен-жайы мен шекарасы туралы төмендегідей мәліметтер беріледі.

Мем. тіркеу №120000 - 120008 - 7495
2020 жылғы 28 мамыр

2020 жылғы 27 мамыр №97

Сайлау учаскелерін құру туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 23-бабына және «Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қазалы ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері құрылсын.

2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес тізбе бойынша Қазалы ауданы әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазалы ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазалы ауданының әкімі М. Ергешбаев

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазалы аудандық сайлау комиссиясымен
27.03.2020 жыл
Қазалы ауданы әкімдігінің
2020 жылғы 27 мамыры
№ 97 шешіміне
1-қосымша

Қазалы ауданы бойынша сайлау учаскелері

№	Сайлау учаскесінің нөмірі және мекен-жайы	Шекаралары
	№68 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «Б.Әбдіразақов атындағы №88 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Орналасқан жері: Қазалы ауданы, «Алға» ауылдық округі, Ү.Түктібаев ауылы, Ү.Түктібаев көшесі, №10.	Алға ауылдық округінің Ү.Түктібаев ауылы.
	№76 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№93 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, «Тасарық» ауылдық округі, «Лақалы» ауылы, Лақалы көшесі, №71.	Тасарық ауылдық округінің Лақалы және Тасөткел ауылдары.
	№77 сайлау учаскесі «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№238 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Қазалы ауданы, «Тасарық» ауылдық округі, «Тасарық» ауылы, Тасарық көшесі, №60.	Тасарық ауылдық округінің Тасарық ауылы және Тайман учаскесі.

ВНИМАНИЮ ИЗБИРАТЕЛЕЙ!

На основании постановления Казалинской районной избирательной комиссии от 7 августа 2024 года №АСК-101/511 «О назначении выбора акимов сельского округа Алга и Тасарык» дается следующее сведение об адресе расположения и границе избирательного участка.

Гос. регистр №120000-120008-7495
28 мая 2020 года

№97 от 27 мая 2020 года

Об образовании избирательных участков

В соответствии со статьей 23 Конституционного Закона Республики Казахстан от 28 сентября 1995 года «О выборах Республики Казахстан» и статьей 27 Закона Республики Казахстан от 6 апреля 2016 года «О правовых актах» аким Казалинского района РЕШИЛ:

1. Образовать избирательные участки по Казалинскому району согласно приложению 1 к настоящему решению.

2. Признать утратившими силу некоторые решения акима Казалинского района по перечню согласно приложению 2 к настоящему решению.

3. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на курирующего заместителя акима Казалинского района.

4. Настоящее решение вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким Казалинского района М. Ергешбаев

«СОГЛАСОВАНО»
Казалинской районной избирательной комиссии
27.03.2020 год
Приложение 1 к решению
акимата Казалинского района
от 27 мая 2020 года
№97

Избирательные участки по Казалинскому району

№	Номер и адрес избирательного участка	Границы
	Избирательный участок №68 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 88 имени Б. Абдразакова» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ «Алға», село У.Туктибаева, улица У.Туктибаева №10.	село У.Туктибаева сельского округа Алға.
	Избирательный участок №76 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 93» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ «Тасарық», село «Лақалы», улица Лақалы №71.	Села Лақалы и Тасөткел сельского округа Тасарық.
	Избирательный участок №77 Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа № 238» отдела образования по Казалинскому району» управления образования Кызылординской области», Казалинский район, сельский округ «Тасарық», село «Тасарық», улица Тасарық №60.	Село Тасарық и участок Тайман сельского округа Тасарық.

ШАҒЫМДАРДЫ ҚАБЫЛДАУДЫҢ БІРЫҢҒАЙ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІН ПАЙДАЛАНУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Құрметті тұтынушылар және кәсіпкерлік субъектілері!

Ел тұрғындары тауарлар мен қызметтерді күнделікті алады, және сонымен бірге олардың төмен сапасымен немесе жозықсыз сатушымен бетпе-бет кездеседі. Өкінішке орай, бұл тауар-ақша қатынастары шеңберінде тұтынушылардың құқықтары жиі бұзылған кезде орын алады.

2020 жылдың 25 маусымында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Аталған заңмен Қазақстан Республикасының «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау» Заңына толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда Заңмен 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі енгізілді. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесі тұтынушылардың өтініштерін қабылдау және қарау процесін автоматтандыруға, оларды тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесінің барлық деңгейінде жүйелендіруге және есепке алуға арналған ақпараттық жүйе болып табылады.

Аталған жүйені құру арқылы «бір терезелі» принципі бойынша барлық қорғаныс шаралары бірыңғай ретке келтіріліп, шағымды өңдеу мен уәкілетті органдарға жіберу процесі оңтайландырылды. Тұтынушылардың қолайлылығы үшін шағымның себебі мен қызметтің түріне байланысты Жүйеге шағымдардың типтік формалары орналастырылды.

Нәтижесінде, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатушылар (дайындаушылар, орындаушылар), ойын бастамашылары (ұйымдастырушылары), тұтынушылардың қоғамдық бірлестіктері, қауымдастықтар (одақтар), заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын және заң көмегін көрсететін заң консультанттары және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де тұлғалар, тұтынушылық дауларды сотқа дейінгі реттеу субъектілері, мемлекеттік органдар Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне тұтынушылардың қаралған өтініштерінің нәтижелері, сондай-ақ оларды қараудан бас тарту себептері туралы барлық ақпаратты уақытылы енгізіп отыратын болады.

Е-tutynushy.kz сайтында ұялы телефон немесе компьютер арқылы әр тұрғын өзінің бұзылған құқықтары туралы мәлімдей алады.

Әрбір сауда ұйымына QR-код түрінде көрнекті жерде көрсетілетін бірегей айқындауыш тағайындалады. Мысалы, дүкеннің кіретін есігінде немесе тауар сатылатын жерде. Егер сатып алушы оның құқықтары бұзылды деп санаса, QR-кодты сканерлеп, жүйеге кіреді және сатушыға, тұтынушылардың қоғамдық бірлестігіне және мемлекеттік мекемеге шағым жіберуге мүмкіндік алады.

Мемлекеттік мекемеге жолдама берілген жағдайда, цифрлық жүйе автоматты түрде қай мекемеге бұл шағымды жіберуі керек екенін анықтайды. Тұтынушыға адресат, үндеуді қарайтын адам, содан кейін қарау нәтижелері көрсетіледі.

Сатушыда оған шағым түскенін көреді. Бұл дауды бірінші сатыда сыртқы тараптардың қатысуынсыз шешуге мүмкіндік береді, бұл кәсіпкерлер үшін де, тұтынушылар үшін де әлдеқайда тиімді, сонымен қатар бұл жүйені пайдалану арқылы тұтынушы мен сатушының уақытын үнемдеуге жол ашады.

Кәсіпкерлер үшін бұл тауарлардың, қызметтердің және тұтынушыларға қызмет көрсетудің сапасын жақсартуға түрткі болады. Мемлекет үшін мұндай шағымдарды жинау мен өңдеудің біртұтас жүйесі елдегі тұтынушылар шағымдарының барлық түрлеріне ауқымды талдау жасауға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін жаңартуға және олардың құқықтық сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Жүйенің автоматтандырылуы тұтынушы үшін қолындағы ұялы телефонмен мобилді қосымша арқылы тиісті органдарға шағымның тез, әрі жылдам жолдануына және мәселенің тез шешілуіне ықпал ететін болады.

Қорыта келе, кез келген тұтынушы Е-tutynushy.kz интернет веб-парақшасына компьютер немесе телефон мобилдік қосымшасы арқылы кіріп, тұтынушылардың құқықтарын қорғау тақырыбындағы өз өтініштерін жолдауларына болатындығын назарларыңызға саламыз.

Өз құқықтарыңызды қорғап, сауатты тұтынушы болыңыз!

**Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігінің Қызылорда
облысы бойынша сауда және
тұтынушылардың құқықтарын
қорғау департаменті**

ПРИГЛАШАЕМ ВАС ПОЛЬЗОВАТЬСЯ ИНФОРМАЦИОННОЙ СИСТЕМОЙ ЕДИНЫЙ ПРИЕМ ЖАЛОБ

Уважаемые потребители и субъекты предпринимательства!

Жители страны ежедневно приобретают товары и услуги, и вместе с тем сталкиваются с низким их качеством или недобросовестным отношением со стороны продавца. К сожалению, это случается, в товарно-денежных отношениях когда часто нарушаются права потребителей.

25 июня 2020 года принят Закон «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан о защите прав потребителей». Этим законом внесены изменения в Закон Республики Казахстан «О защите прав потребителей». В частности, законом с 1 января 2021 года введена единая информационная система защиты прав потребителей. Единая информационная система защиты прав потребителей - это информационная система, предназначенная для автоматизации процесса приема и рассмотрения жалоб потребителей, их систематизации и регистрации на всех уровнях системы защиты прав потребителей.

Благодаря созданию этой системы все меры безопасности по принципу «одного окна» были оптимизированы, а процесс обработки жалоб и их отправки властям был оптимизирован. Для удобства потребителей в системе размещены стандартные формы в зависимости от причины жалоб и видам услуг.

В результате продавцами (изготовителями, исполнителями) товаров (работ, услуг), инициаторами (организаторами) игр, общественными объединениями потребителей, ассоциациями (союзами), юридическими консультантами, являющимися членами палаты юридических консультантов и оказывающими юридическую помощь, и иными лицами в соответствии с законодательством Республики Казахстан, субъектами досудебного урегулирования потребительских споров, государственные органы будут своевременно вносить в единую информационную систему защиты прав потребителей всю информацию о результатах рассмотрения жалоб потребителей, а также о причинах отказа.

На сайте Е-tutynushy.kz каждый гражданин может сообщить о своих нарушенных правах с помощью мобильного телефона или компьютера.

Каждой торговой организации присваивается уникальный идентификатор в виде QR-кода, который отображается на видном месте. Например, у входной двери магазина или в продуктовом магазине. Если покупатель считает, что его права были нарушены, он сканирует QR-код, входит в систему и имеет возможность подать жалобу продавцу, общественным объединениям потребителей и государственному органу.

В случае направления в государственное учреждение цифровая система автоматически определяет, в какое учреждение следует отправить жалобу. Заказчику показываются адресат, лицо рассматривающее обращение, а затем результаты рассмотрения.

Продавец тоже видит, что у него есть претензии. Это позволит разрешить спор в первую очередь без привлечения внешних сторон, что намного выгоднее как для предпринимателей, так и для потребителей, а также сэкономит время потребителей и продавцов при использовании данной системы.

Для предпринимателей это стимул для улучшения качества товаров, услуг и обслуживания клиентов. Для государства единая система сбора и обработки таких жалоб облегчает комплексный анализ всех видов жалоб потребителей в стране. Это, в свою очередь, поможет модернизировать систему защиты прав потребителей и повысить их юридическую грамотность. Автоматизация системы позволит потребителю быстро и оперативно отправить жалобу в соответствующие органы и оперативно решить вопрос через мобильное приложение с мобильным телефоном в руке.

В заключение хотим обратить ваше внимание на то, что любой потребитель может получить доступ к сайту Е-tutynushy.kz через компьютер или мобильное приложение и отправить свое обращение по вопросам защиты прав потребителей.

Защитите свои права и станьте грамотным потребителем!

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.

Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11107 дана.